

**Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 552 "2021-2023 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 11 қарашадағы № 137 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті туралы" 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 552 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7973 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Көлалық ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 58023 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2556 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 302 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 55165 мың теңге;

2) шығындар – 58923 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -900 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 900 мың теңге."

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет саласы 1365 мың теңге."

3-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1) әкім аппараттары қызметін қамтамасыз ету шығындарына 5043 мың теңге."

Көрсетілген шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2021 жылғы "11" қарашадағы  
 №137 шешіміне қосымша  
 Қазалы аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
 №552 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Келарық ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
		Атауы		
			1. Кірістер	58023
1			Салықтық түсімдер	2556
	04		Меншікке салынатын салықтар	2556
		1	Мүлікке салынатын салықтар	103
		3	Жер салығы	370
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2083
2			Салықтық емес түсімдер	302
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	302
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	302
4			Трансферттердің түсімдері	55165
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	55165
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	55165
Функционалдық топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		

			Атауы	
			2. Шығындар	58923
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	35842
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	35842
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35373,4
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	468,6
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6474
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6474
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3309
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	669
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2496
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	16363
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16363
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	16363
15			Трансферттер	244
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	244

			, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	244
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-900
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 900
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	900
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	900
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	900